

Жекелеген азаматтар санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 3-1-1234Қ қаулысы. Астана қаласы Әділет басқармасында 2003 жылғы 6 тамызда тіркелді. Тіркеу N 285 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 2 қарашадағы N 23-897қ қаулысымен

Ескерту: Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 2 қарашадағы N 23-897қ қаулысынан Үзінді:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :

1. Астана қаласы әкімдігінің мынадай қаулыларының күші жойылды деп т а н ы л с ы н :

1) "Жекелеген азаматтар санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге материалдық көмек көрсету туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 3-1-1234қ (Астана қаласының Әділет департаментінде 2003 жылғы 6 тамызда N 285 болып тіркелген, 2003 жылғы 9 тамыздағы "Астана хабары", N 105 2004 жылғы 9 тамыздағы "Вечерняя Астана" N 89 газеттерінде жарияланған) қаулысы;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.Ә.Аманшаевқа жүктелсін.

Ә к і м

1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары" Қазақстан Республикасы Заңына , Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына сәйкес, жекелеген азаматтар санаттарына әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шараларды кеңейту мақсатында Астана қаласының әкімдігі қаулы етеді: <*>

Ескерту. Преамбулаға өзгерістер енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 27 тамыздағы N 23-10-641қ Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған жекелеген азаматтар санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге материалдық көмек көрсету Қағидасы бекітілсін (бұдан әрі - Қағида).

2. "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге арналған материалдық көмекті төлеуді Қағидаға сәйкес жүзеге асырсын. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 27 тамыздағы N 23-10-641қ Қаулысымен.

3. Алынып тасталды <*>

Ескерту. 3-тармақ алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 27 тамыздағы N 23-10-641қ Қаулысымен.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Т.М.Мұхамеджановқа жүктелсін.

Астана қаласының әкімі

Визалар

Келісілді

А с т а н а қ а л а с ы Қ а р ж ы

департаментінің бастығы

*А с т а н а қ а л а с ы Еңбек, халықты
жұмыспен қамту және әлеуметтік*

қорғау департаментінің бастығы

*А с т а н а қ а л а с ы әкімдігінің
2003 жылғы 22 шілдедегі
N 3 - 1 - 1 2 3 қ қаулысымен*

бекітілген

Жекелеген азаматтар санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге материалдық көмек көрсету Қағидасы

Осы Қағида 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары" Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына сәйкес дайындалған және халықты әлеуметтік қорғау шараларының бірі болып табылады. <*>

Ескерту. Преамбулаға өзгерістер енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 27 тамыздағы N 23-10-641қ Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге (отбасы мүшелерін есепке алмай) материалдық көмек жыл бойы ай сайын тиісті қаржылық жылға (бұдан әрі - АЕК) белгіленген айлық есеп көрсеткішінен ақшалай төлем түрінде жүргізіледі және мына азаматтардың санаттарына:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне - 2,4 АЕК;
- 2) Некеге қайта тұрмаған Ұлы Отан соғысында қаза болған (қайтыс болған, хабарсыз кеткендер) жауынгерлердің жесірлеріне - 1,2 АЕК мөлшерінде беріледі.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 9 наурыздағы N 23-10-206қ қаулысымен.

2. алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 9 наурыздағы N 23-10-206қ қаулысымен.

3. Жергілікті өкілдік органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер" бағдарламасының әкімгері (бұдан әрі - Бағдарлама) "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" (бұдан әрі - Департамент) болып табылады. < * >

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 27 тамыздағы N 23-10-641қ Қаулысымен.

4. Бағдарламаның қаржыландыру көзі Астана қаласының бюджеті болып табылады.

2. Материалдық көмек көрсету тәртібі

5. Департамент "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Астана қаласы филиалының деректер қоры негізінде Қағиданың 1-тармағында көрсетілген азаматтар тізімін құрады.

6. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге материалдық көмек алушылардың Астана қаласының банктері бөлімшелеріндегі дербес шоттарына ақшалай қаражаттарды аудару жолымен ай сайын жүзеге асырылады.

7. Департамент ай сайын Астана қаласының Қаржы департаментіне Бағдарламаны ағымды қаржыландыру өтінімін ұсынады.

Астана қаласы Қаржы
департаментінің бастығы
Астана қаласы Еңбек, халықты
жұмыспен қамту әлеуметтік қорғау
департаментінің бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК